

**«№15 колледжі» МКҚК-ында  
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу» туралы  
Анықтама**

Асықата кенті

08.08.2023 жыл

**Жұмыс тобының құрамы:**

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары- Орынбасаров Ахат-Али Тасболатович
2. Бас есепші – Нурниязов Мукағали Касымбаевич
3. Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары- Сейдахметов Мусабек Тажахметович
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Тойжанов Бегжан Маханбетович
5. Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы – Егизбаев Кайнар Бикадырович
6. Қамқоршылық кеңес төрағасы – Бердияров Толеген Алиханович
7. Кадр бөлімінің меңгерушісі – Тилеубекова Гулнара Серикбаевна

**Өткізу мерзімі:** 2022 жылғы 1 маусым мен 2023 жылғы 01 маусым аралығында.

**«№ 15 колледжі» МКҚК-ында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2023 жылдың 23 маусым мен 7 тамыз аралығына жүргізілді.**

**1. Басқару және ұйымдастырушылық-кадрлық қызметті зерделеу кезінде келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:**

- 2022 жылға бекітілген 86 бірліктегі штат кестесіне сәйкес, 86 жұмыскер жұмыс жасайды. Оның ішінде: 1 басшы, 4 басшы орынбасарлары, 33 педагог (16 жалпы пән оқытушысы, 17 арнайы пән оқытушысы), 1 педагог психолог, 2 тәрбиеші, 1 әдіскер, 1 бөлімше меңгерушісі, 1 АӘЖТД пәнінің ұйымдастырушы оқытушысы, 1 дене тәрбие нұсқаушысы, 29 тұрмыстық шаруашылық жөніндегі персонал, 12 әкімшілік шаруашылық қызметкерлері жұмыс жасайды (бүгінгі таңға бос жұмыс орындары ағаш ұстасы).

**Біліктілік талаптары және кәсіби стандарттар бойынша:**

**Педагог кадрлардың сапалық құрамы:**

2022-2023 оқу жылы бойынша 43 оқытушы

Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары:

жоғары – 2	зерттеуші-2
бірінші – 2	сарапшы-0
екінші – 8	модератор-2

санаты жоқ – 27, магистр -0

Педагог – маманның кәсіби құзыреттілігін арттырудың бір жолы – біліктілікті арттыру курстарына қатысуы.

Қазіргі таңда жалпы педагогтер – 43, оның ішінде ЖБП оқытушылары – 16, арнайы пән оқытушылары – 17. Педагогтардың тақырыптар бойынша

біліктілік арттыру курстарынан өтуі қазіргі таңда 91% құрап отыр. Қалған 9%, олар жас мамандар мен басқа саладан келген педагогтар. 2022-2023 оқу жылында бізде директор – 1, директор орынбасары – 1, психолог – 1, ЖБП оқытушыларынан – 11 оқытушы, арнайы пән оқытушыларынан – 2 оқытушы біліктілік арттыру курсынан өтті. Жалпы біліктілік арттыру курсынан – 39 педагог өткен, 4 – педагог алдағы уақытта өтуге өтініш берді.

Курстық және дипломдық жоба тақырыптарын қарастыру, бекіту, аралық және қорытынды аттестацияға дайындық және өткізу іс-шаралары және бітіруші топтардың дайындығын ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Пәндер бойынша бақылау жұмыстары мен тесттердің уақытылы алынып, саралануы да назардан тыс емес. I семестрде алынатын сынақ, тесттер, оқу жылының соңында алынатын емтихандар да бірлестік жоспарына енгізілген, олар уақытылы атқарылып отыр.

**білім беру ұйымдарының басшылары мен оқытушыларының бос лауазымдарына орналасу:**

- «15колледжі» КММ-нің арнайы пән оқытушысы оқытушысы лауазымдарына орналасуға құрылған конкурстық комиссия отырысының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі №1 хаттамасы негізінде, 1 адам конкурс арқылы жұмысқа қабылданған.

**Педагогтердің аттестаттау хаттамалары бойынша:**

Қазіргі таңда №15 колледжде педагог – зерттеуші – 2, педагог – модератор – 2. 2022 – 2023 оқу жылында педагог – зерттеуші біліктілігін Байгунакова Гулнара Сулейменовна алды.

Осы оқу жылында біліктілік бағалаудан 18 педагог өтіп, құжаттарын қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтауға (портфолио) жіберілді. Оның ішінде 16 педагог мерзімі жеткен немесе мерзімі өткен педагогтар болса, 2 педагог мерзімінен бұрын өтуге өтініш берілді.

Қазіргі таңда ПББ –дан жалпы білім беретін пән оқытушыларынан - 5 педагог өтсе, арнайы пән оқытушылары саны – 3 оқытушы, осы оқытушылар аттестацияның 2 – кезеңі портфолионың шешімін күтуде.

**Білім алушылардың, оқытушылардың және ата-аналардың әлеуметтік психологиялық сауалнамасының нәтижелері туралы:**

- Білім алушылардан «Таза сессия», «Колледж білім алушыларының көзқарасы», Жатақхана білім алушыларына арналған сауалнама, оқыту сапасына білім алушылардың қанағаттанушылығы сауалнамасы алынды, білім алушылардың ата-аналарынан «Колледж ата-аналармен көзімен» сауалнамасы алынды, оқытушылар және қызметкерлерден қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде сыбайлас жемқорлық фактілері байқалмады.

### **Қамқоршылар кеңесі туралы ереже:**

- "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелді. Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 10.06. 2022 жылғы № 25/04-25/2626 санды шығыс хатына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» талаптарына сәйкес білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің талапқа сай құрылуын қамтамасыз ету, білім саласындағы қамқоршылық кеңестің уәкілеттілігін жүйелеу мақсатында 5- тарау ( қамқоршылық кеңестің жұмысын тоқтату) 30 тармағы, 1) тармақшасы(тиісті саланың өкілетті органының немесе білім саласындағы жергілікті атқарушы органдарының бастамасы бойынша) негізінде «№15 колледжі»МҚКҚ-ында қамқоршылық кеңес таратылып, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес 28.09.2022 жылы «15 колледжде» МҚКҚ №306 бұйрықпен қамқоршылық кеңес қайта құрылды және жоспары бекітілді.

### **Қамқоршылар кеңесінің құрамы:**

-Қамқоршылық кеңес құрамында төраға **Бердияров Тулеген Алиханович** аудандық ардагерлер кеңес төрағасы, мүшелері Асық ата кенті әкімінің орынбасары **Байтемиров Марат Раймқулович**, **Сманов Рустем Мухтарханович**, Асық ата кенті ПБ ЖПҚ ЮПТ УПИ полиция аға лейтенанты . **Бегман Рысқұл Ертаевна** ата-аналар кеңесі мүшелері **Мамытова Дилафруз Тоғойовна**, және кәсіпкерлер **Муратов Пернебай Сапарханович**, **Байсбаев Елдос Қабырханович** және кеңес хатшысы педагог психолог А. Мустаева бұйрықпен бекітілді.

### **Қамқоршылар кеңесі отырысының хаттамалары :**

- «№ 15 колледжі» МҚКҚ-нің демеушілік қаржы түсетін арнайы шоты жоқ. Білім беру ұйымы ата-ана кеңесінің төрайымы **Мамытова Дилафруз** сайланды және ата-аналар жиналысы 2022 жылы 18-шы қазанда өтілді. Ата-аналар чатында қамқоршылық кеңес мүшелері білім беру ұйымының қызметімен, білім беру ұйымындағы білім алушыларға және тәрбиеленушілерге жасалған жағдайлармен таныстырылған. АҚК білім беру қызметін ұсыну сапасы, қайырымдылық көмектің жұмсалуды мәселесі жөнінде есебі тыңдалған.

Қамқоршылық кеңес отырысының 2022-2023 оқу жылының 1 жарты жылдықта бір рет өткізілген хаттамасы тіркелді.

## **Колледж директорының блогындағы ақпарат**

Интернетте орналасқан «№15 колледж» мемлекеттік комуналдық қазыналық кәсіпорны <https://15kolledzh.edu.kz/kz/> сайты орналасқан, онда қоғамға жедел және объективті ақпарат беру, оны бірыңғай білім беру ақпараттық кеңістігіне қосу және үнемі жаңартып – баптап «Парасаттылық мектептері» «Саналы ұрпақ» кеңселік жобасы аясында атқарылып отырған жұмыстарға және мекеменің салалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды Жетісай ауданы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарына (газеттер мен телевиденияларға) және әлеуметтік желілерге (facebook, instagram, telegram және т.б.) жариялауға жауапты болып мемлекеттік сатып алу менеджері А.Р. Асилов бекітілді.

### **Білім беру мекемесі директорының жылдық есебі:**

- Мекемеде мекеменің жылдық есебі Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының келісімімен бекітіліп, жұмыстар атқарылады.

### **2. Қаржы – шаруашылық қызметті зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізіледі:**

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалды.

- 2022 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 753024045 бағдарламасы бойынша 310757,0 мың теңге; 753024011 бағдарламасы бойынша 94512,0 мың теңге; 753024055 бағдарламасы бойынша 7753,0 мың теңге бөлінген және жыл есебі бойынша 100% қаржы игерілді.

**инвентаризациялық тізімдер бойынша:** - Мекеме ішінде 2022 жылдың 13 қазанда №126 бұйрық негізінде тауарлар-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп, есептен шығарылды.

**жұмыс уақыты парағы** бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілді.

### **оқу орны басшысының бұйрықтары:**

- жеке құрам бойынша бұйрық саны - 190 , негізгі қызмет бойынша бұйрық саны - 156, білім алушылар бойынша бұйрық саны – 26.

### **3. Білім беру қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен ақпараттардың болуына байланысты жүргізіледі:**

-Арнайы пән оқытушылары – 17, орташа педагогикалық жүктемелері – 790,3 сағат, жалпы білім беру пәндері оқытушылары – 16, орташа педагогикалық жүктемелері – 720,25 сағат, аптасына 40 сағаттық штаттық режимде жұмыс жасайды.

### **білім алушылардың сабаққа қатыстылығын және білімін бағалау:**

- дәстүрлі журнал түрінде жүргізіледі, 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 2-қосымшасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен

кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын» (қағида жаңа редакцияда – ҚР БЖҒМ-нің 28.08.2020 №373) басшылыққа ала отырып, **бағалау жүйесі** балдық жүйеге ауыстырылды.

**емтихандар мен мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі туралы ереже:**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы 2-қосымшасы «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларын» (қағида жаңа редакцияда – ҚР БЖҒМ-нің 28.08.2020 №373) басшылыққа ала отырып жүргізіледі.

**Әлеуметтік-тәрбие қызметін зерделеу кезінде талдау келесі құжаттар мен мәліметтердің болуына жүргізілді:**

-Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V заңына сәйкес колледжімізде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жұмыс жоспары колледж директорымен бекітілді және 1 қабатта сыбайластықпен күрес жөнінде 2 стенд ілінді. Колледж фойесінде сенім жәшігі қойылған және ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бойынша департаменті 1424 ССАЛ-орталығының және оқу орнының Сенім телефон номерін, басқа да мобильдік топтардың сенім сымтетіктері көрсетілген арнайы бұрыш орналасқан;

- **№15 колледж МКҚК бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын** колледж директоры Е. Нурханов бекіткен «№15 колледж» МКҚК бойынша бірінші және екінші оқу ғимаратында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты көрнекі стенді ілінді.

**Білім алушылардың өзін-өзі басқару кеңесі ережесі:**

- бекітілген, кеңес секторлары сайланған, кеңес мүшелері фотолары мен кеңес ережесі, студенттер анты, колледж мақтаныштары үздіктері және түлектер фотолары стенді жасалған;

**«Саналы ұрпақ» студенттер клубы туралы ереже, жұмыс жоспары, жүргізілген іс-шаралар туралы есептер:**

-«Саналы ұрпақ» клубының жетекшісі тарих пәнінің оқытушысы Д.Серикбаева, АРТ-20-62 тобынан 9 білім алушы мүшелері бар, жұмыс жоспары бекітілді.

Жұмыс жоспарына сәйкес атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде орналастырылып отыр.

Мекеме веб-сайтының контенті:

-**Әлеуметтік желідегі сілтемелер:** фейсбук және

<https://15kolledzh.edu.kz/kz/komplaens-ymetter.html> instagram

**Эл.почта:**<https://www.facebook.com/asykata.gkkp?mibextid=ZbWKwL>

Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.

## Қорытынды бөлімі.

### Мемлекеттік сатып алу бойынша:

-ТОО "ProCommunity Astana Orleu" мен түзген 080240012014/230003/00 2023-01-17 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 58 500.00 теңгені құрайды.

**Заңның бұзылған баптары:** Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

-ТОО "Бизнес школа DG" мен түзген 080240012014/220035/00 2022-06-03 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 48 000.00 теңгені құрайды.

**Заңның бұзылған баптары:** Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

-ТОО "РЦППК" мен түзген 080240012014/210019/00 2021-12-10 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 99 178.00 теңгені құрайды.

**Заңның бұзылған баптары:** Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге

де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

- ТОО "Қорған строй construction" мен түзген 080240012014/210018/00 2021-12-20 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт соммасы 500 000.00 теңгені құрайды.

**Заңның бұзылған баптары:** Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

**Шешім етті:**

1. Қызметкерлердің әдістемелік нұсқаулықпен танысу парағы жаңартылсын.
2. Атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерге орналастырылсын.

**Келісілді:**

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-  
Орынбасаров Ахат-Али Тасболатович

Бас есепші – Нурниязов Мукағали Касымбаевич

Директордың шаруашылық жұмыстары жөніндегі  
орынбасары- Сейдахметов Мусабек Тажахметович

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары –  
Тойжанов Бегжан Маханбетович

Бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы –  
Егизбаев Кайнар Бикадырович

Қамқоршылық кеңес төрағасы –  
Бердыяров Тoleген Алиханович

Кадр бөлімінің меңгерушісі –  
Тилеубекова Гулнара Серикбаевна